

АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті оқырман, сіз философия тарихына терең бойлап, үнді ойшылдарымен сырласқыңыз келсе, дұрыс таңдау жасадыңыз деп ойлаймын. Қолыңыздағы кітап несімен ерекшеленеді? Біріншіден, бұл – әр елдің белді ғалымдарының бірігіп жазған ұжымдық еңбегі, екіншіден, әр тараудың авторы үнді философиясының ғасырлық тәжірибесіне байланысты бұрын кездеспеген тың пікірлер айтады, үшіншіден, жоғары деңгейдегі академиялық қазақ тілінде үнді философия тарихымен толық танысып шығасыз.

Үнді философиясы – өміршең, үнемі даму жолындағы өзара келісім мен күрестен тұратын тарихы бар рухани мұра. Үндінің әр философиялық мектебі өзін-өзі басқарудың және азаптан арылу жағдайына жетудің ерекше механизмін ұсынады. Мысалы, буддистер мен джайнистер махаббат пен мейірімділікті (каруна), озбырлықтан аулақ болуды (ахимса) дамыту қажет десе, кейбір мектептер жетістіктің басқа әдістері мен құралдарын іздеді. Вайшешиктер азаптың тамырын надандықтан көрді. Олардың пікірінше, білім – азаптан арылудың шынайы тәсілі. Ал санкхья мектебі адамды азаптан босату үшін өлмейтін жанды емес, ақыл-ойды түсіну керек деп есептеді.

Осылайша үнді философтары адамға өзінің ішкі әлемін түсінудің түрлі тәсілдерін ұсына отырып, оның рухани қайнарының маңыздылығына, ішкі рухани әлеуетін қалыптастыруға, дамытуға және жетілдіруге баса назар аударды, материалдық әлемге толық тәуелділіктен арыла алатын адам рухының орасан зор күшіне үміт артты, әлеуметтік теңсіздіктен туындайтын материалдық қатынастардан бас тартып, адам рухының бостандыққа ұмтылуының маңыздылығын көрсетті.

Оқулықтың әр тарауында ғалымдар «ежелгі үнді философиясының басты құндылығы – адамның ішкі әлеміне қызығушылығы, ол адамгершілікті тұлға үшін жаңа мүмкіндіктер ашады» деген тұжырым берілген. Сонымен қатар үнді философиясы өз ауқымын этикамен және теологиямен шектемеген. Оның аясы теориялық қызығушылықтың негізінде пайда болатын кез келген философияның ауқымындай кең және оның кейбір саласының түпкі негіздері, атап айтқанда, метафизика, таным теориясы мен логика Батыстың ешбір философиялық жүйесінен кем емес деген ойлар да ашық айтылады.

Үнді ойының тарихы – бір-бірін тез алмастыратын елес идеяларының үздіксіз сериясы ғана емес, бұл философия – адамның терең этикалық, философиялық сұрақтарына жауап табудың жолы, өмірдің мәні, адамның бұл әлемдегі орны мен мақсатын іздеуге құрылған ілім.

Кітап авторлары үнді философиясы тарихына орай Гегельдің және басқа да батыс шығыстанушыларының абсолюттік, монологиялық және этноцентристік дүниетанымына байланысты көп күмән келтіріп, бөлекше ұстанымдар мен көзқарастар кеңістігін құрған. Кімді кім, қандай шарттармен, қандай мақсатта таныстырады немесе ұсынады? Мұндай көріністер әдіснамалық, эпистемологиялық және моральдық тұрғыдан қалай құрылған? Билік қатынастары, өндіріс және білім алу арасындағы өзара байланыс қандай? Осы мәселенің бәрі басқа мәдениет пен басқа философияның тереңдігін көрсетеді, оның мәдени қабаттарын, өзге әлемнің мәдени болмысын мейлінше мұқият, құрметпен зерттеуді талап етеді деген қорытынды жасалады.

Ғалымдардың бұл ойлары қазіргі Қазақстанның рухани жаңғыру саясатымен астасып жатқанын аңғару қиын емес. Қаншама қазақ ойшылдарының ойы бізге жетпеді, жеткендері бұрмаланып, қанаушы саясаттың құрбаны болды. Осындай қақтығыстарды үнді ойшылдары қарудың күшімен емес, диалогизм немесе полемикалық тәсілмен шешудің өзіндік жолын ұсынды. Демек, өмір сүру философиясы құрылымындағы диалогизм философиясының маңызы аса зор. Философиядағы лингвистикалық айналым тілдің адам мен шындық арасындағы ойлау құралы мен делдал ғана емес, сонымен бірге адамды және оның әлеммен қарым-қатынасын жасайтын тәуелсіз шындық екені алға тартылады.

Кітаптың соңғы тарауында жаһандану жағдайындағы мәдениеттер диалогы мәселесі алдыңғы лекке шығады. Бірақ әр тарап бір-біріне қарсы жақ ұстанымы тұрғысынан қарауға тырысып көрмесе, диалог нәтижелі бола қоймайтынын есте сақтаған жөн. Өркениеттің өмір сүруінің негізі ретінде жалпы құндылықтарды іздеу толеранттылықты, догматизмнің болмауын білдіреді. Адамзат осы қағидаларға негізделген өзара мәмілеге келу өнерін әлі де үйренуі керек. Осыған байланысты пікірталас дәстүрі дамыған үнді философиясын зерттеу адамзатқа толеранттылық мәдениетін, логика мен дәйектердің көмегімен қарсыласты құрметтей отырып мойындатудың оң тәжірибесін үйретеді. Үнді философтарының осы мәселелерде жинаған ғасырлық тәжірибесі бізге қарама-қарсы тараптардың теңдігін ескере отырып келісім саясатын құруға мүмкіндік береді деген сенім ұсынылады.

Үнді қоғамының жаһандану әлеміне енуі үнді халқының мәдени және өркениеттік дамудың жаңа жолдарын іздеуімен ғана емес, постмодернизмнен кейінгі әлемдегі орнын қайта қарастыруымен бірге жүріп келе жатқаны соңғы тараудан жақсы байқалады. Зерделі оқырманға үнділік дүниетанымның сан ғасырлық тәжірибесін сыни тұрғыдан бағалау мен қазіргі Үндістанның қайда бара жатқанын пайымдау мүмкіндігі туып тұр. Осы орайда кітап авторлары ұсынған қазіргі үнді философиясының маңызды тақырыптарының бірі – отаршылдық биліктің зардаптарын түсіну және отарлаудан кейінгі дискурсқа қатысу мәселесі – қазақ қоғамы үшін де өте өзекті.

Жалпы қазақ тілді оқырмандар шығыс философиясымен, соның ішінде үнді философиясымен бұрын орыс тілінен аударылған мәліметтер арқылы танысатын. Олардың өзі орысшаға түпнұсқадан емес, неміс, француз не ағылшын тілдерінен тәржімеленген дүниелер еді. Үш түрлі көзқарастың өңдеуінен өткен (бұл жерде көп аудармашылардың еуропоцентристік ұстанымда болғанын, көзқарастардың атеистік сүзгіден де өткенін ескеру керек) үнді классикалық философиясының бізге жеткен бұрынғы аудармалары ақырында пұтқа табынушылық шеңберінен шықпаған, діни фанатизм мен пессимизмді уағыздайтын, қанаушы тап мүддесін қорғаушы ретінде бағаланып, кейбір бағыттар тіпті атеистік сипатымен танылды.

Ал қолыңыздағы «Үнді философиясының тарихы» – оқулықтың түпнұсқасынан еш қиянатсыз, барлық автордың ойын толық және нақты жеткізуді мақсат еткен қазақ тіліндегі нұсқасы. Аудармашылар бұл еңбекті ғылыми тілде сөйлетуге қазақ тілінің байлығын мейлінше ұтымды қолданған. Үнді философтарының небір күрделі ойларын да, оған түсінік берген қазіргі ғалымдардың толғамдарын да шебер жеткізе білген. Бұл шеберлік кітап тілінің ұғынықтылығынан, жинақтың логикалық жүйелілігінен, ондағы ой тұжырымдарынан көрінеді.

Осыған дейін үнді философиясын қазақ тілінде кешенді түрде талдаған еңбек болған жоқ, сонымен бірге бұл оқулық, жоғарыда айтылғандай, жаңа дүниетанымды, құлдық санадан азат ойларды ұсынады. Қазақ оқырмандарына осындай құнды дүние сыйлап отырған осы кітаптың қазақша жарық көруіне атсалысқан барлық мамандарға шын жүректен алғыс айтамын.

Кітап елімізде философия және әлеуметтік-гуманитарлық сала бойынша білікті маман даярлауға сүбелі үлес қосары сөзсіз. Себебі аудармашы топтың мақсаты – қазақ оқырмандарын әртүрлі философиялық ойлармен таныстыру. Бұл жерде ешқандай қосымша түсіндірмелердің болмауы да болашақ ізденуші-ғалымдардың ой мен таңдау еркіндігіне құрмет деп білемін.

Қ.М. БОРБАСОВА,
философия ғылымдарының докторы,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің профессоры.